

Жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі мекемелер мен кәсіпорындарды "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтары" мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1261

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат) мен "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 236 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 8, 56-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қол астындағы Жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі облыстық (қалалық) мекемелер мен кәсіпорындарды әкімшілік-аумақтық бірліктердегі филиалдары жүйесімен қоса "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің Жылжымайтын мүліктер жөніндегі орталықтары" мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) (шаруашылық жүргізу құқығындағы) болып қайта құрылсын.

2. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.01.29. N 64 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

4. Кәсіпорынның негізгі міндеттері: жылжымайтын мүлік объектілерінің бірдейлік, техникалық және құндық сипаттарын айқындау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті өзге де қызметтерді жүзеге асыру болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі:

бір айлық мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғыларын бекітсін;

заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын.

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.01.05. N 12 қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.01.2016 № 39 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

10. "Жылжымайтын мүліктерді бағалау мен тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 қаңтардағы N 30 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 2, 15-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі